

**"Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына толықтыру енгізу және "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының стратегиялық объектілерін иеліктен шығару туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 593 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Магистралдық мұнай құбырлары» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі **20**-жолмен **толықтырылсын:**

«

20.	«Гуймазы-Омбы-Новосибирск 2» (ТОН-2) мұнай құбырының казакстандық учаскесі
-----	--

».

2. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшада көрсетілген стратегиялық объектілерді тендерде сату жолымен иеліктен шығару жөнінде мәмілелер **ж а с а с у ғ а** **р ұ қ с а т** **б е р і л с і н .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н* *Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

**Қ а з а қ с т а н**

**Р е с п у б л и к а с ы**

**Ү к і м е т і н і ң**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының иеліктен шығаруға рұқсат етілген стратегиялық объектілерінің тізбесі**

Р/с №	Стратегиялық объект	Объектінің мекенжайы (орналасқан жері)
1	2	3
1	«Туймазы-Омбы-Новосибирск 2» (ТОН-2) магистральдық мұнай құбырының қазақстандық учаскесі объектілерінің құрамына кіретін жалпы ауданы 472,6 ш.м. байланыс торабының ғимараты (кадастрлық нөмірі 15:234:027:1106:14:А/А)	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Тимирязев көш., 14
2	«Туймазы-Омбы-Новосибирск 2» (ТОН-2) магистральдық мұнай құбырының қазақстандық учаскесі объектілерінің құрамына кіретін жалпы ауданы 142,6 ш.м. доға қойма (кадастрлық нөмірі 15:234:027:1106:14:Б/Б)	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Тимирязев көш., 14
3	«Туймазы-Омбы-Новосибирск 2» (ТОН-2) магистральдық мұнай құбырының қазақстандық учаскесі объектілерінің құрамына кіретін ауданы 0,6 га жер учаскесі (кадастрлық нөмірі 15:234:027:1106)	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Тимирязев көш., 14